

«Қаржы, есеп және аудит» БББТ-ның профессорлық-оқытушылық құрамы, атап айтқанда, э.ғ.к., доцент Д.Т.Жуманова, э.ғ.к., профессор Ж.М.Омарханова, э.ғ.к., аға оқытушы Г.К.Кеңес «500 ғалым» бағдарламасы бойынша Миннесота университетінде (АҚШ) өткізген ғылыми тағылымдама нәтижелері бойынша университет деңгейінде әдістемелік семинар өткізді.

Семинарда ғылыми тағылымдама барысында қол жеткізген жетістіктері, АҚШ-тағы жоғары білім беру жүйесінде қолданылатын заманауи оқыту әдістерімен, COIL әдісі, интерактивті презентациялар, жаһандық SDG жобаларына интеграция, аналитикалық зерттеу әдістері және білім беру саласындағы цифрлық платформаларды пайдалану тәжірибелерімен бөлісті. Тағылымдама барысында жинақталған білім мен тәжірибені Қазақстанда тиімді енгізу үшін қандай бағыттарда жұмыс істеу жоспарларымен бөлісті.

